

Цифрлық ғасырда өмір сүріп жатқан қазіргі қоғам үшін ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект саласының маңызы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Әлем күн сайын дамып, цифрлық ортада жаңа мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлер қатар туындауда. Мінекей, осы тұрғыдан алғанда есептеу техникасы және ақпараттық қауіпсіздік саласында білім алу заман талабына сай жас ұрпақтың кәсіби бағдарын айқындауда шешуші рөл атқарады.

Ақпараттық технологиялар бүгінде қоғамның барлық салаларында қолданылады: өндірісте, білім беруде, денсаулық сақтау жүйесінде, көлік пен байланыс секторларында компьютерсіз жұмысты елестету қиын.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев заманауи ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллекттің дамуына ерекше назар аударуда. «Жасанды интеллект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллектті технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады. Кейбір сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллектінің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – дүниежүзілік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігіне парапар. Аталған технологияның кең қолданысқа ие болуы Қазақстанның қарқынды дамуында маңызды рөл атқара алады», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекеттік цифрландыру бағдарламалары, электронды үкімет, цифрлық қызметтер осы саланың

дамуына серпін беруде. Ақпараттық технология саласын меңгеру – тек табысты жұмыс табудың емес, ел дамуына үлес қосудың да кепілі.

Жасанды интеллект – ХХІ ғасырдың жетекші технологиясы. Ол арқылы адамзат бұрын мүмкін болмаған мәселелерді шешуге қабілетті. Медицинада диагноз қою, қаржы саласында аналитика жүргізу, өнеркәсіпте өндірісті автоматтандыру – барлығы жасанды интеллекттің құралдарын қолдану арқылы іске асып жатыр. Қазақстанда ЖИ бағытында мамандар тапшылығы сезілуде. Бұл – жастар үшін үлкен мүмкіндік. Жасанды интеллектті меңгерген маман қашанда сұраныста болады және халықаралық деңгейде жұмыс істеу мүмкіндігіне ие.

Есептеу техникасы және ақпарат-

тық қауіпсіздік бағытында білім алу – жас маманға сенімді болашақтың негізін қалау. Бұл салалар тек техникалық білімді ғана емес, логикалық ойлау, талдау қабілетін, жауапкершілік пен үздіксіз үйренуге деген ұмтылысты талап етеді. Бүгінгі таңда ЖОО-лар мен колледждер осы салаларда жоғары деңгейлі білім беруге бағытталған. Мемлекеттік гранттар, тағылымдамалар, IT-мектептер мен хакатондар жастардың кәсіби қалыптасуына ықпал етеді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету кафедрасы шет мемлекеттердің жетекші университеттерімен және ғылыми-зерттеу институттарымен ғылыми және достық қарым-қатынаста. Ынтымақтастықтың негізгі нысандарына ғылыми-техникалық ақпарат алмасу, бірлес-

кен зерттеулер, диссертация қорғау жатады. Бүгінгі таңда кафедрада ғылыми дәрежелері мен атақтары бар жоғары білікті оқытушылар қызмет етеді, іргелі, қолданбалы және ғылыми-зерттеу жұмыстарына аспиранттар мен интерндерді дайындау бойынша елеулі жұмыстар атқарылып жатыр. Кафедра жетекші IT-компанияларда, елдегі және одан тыс ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуге, практикаға және академиялық ұтқырлыққа мүмкіндік береді. Болон процесін ұйымдастыру орталығымен тығыз байланыс орнатып, студенттерді шет елдерге – Малайзия, Ресей, Польша, Италия елдеріне оқуға жібереді.

Ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарға деген сұраныс күннен күнге артып келеді. Қазақстанның келешегі – білімді, технологияны меңгерген жастардың қолында. Сондықтан жастарды осы салаға бет бұруға, жаңа білім мен дағдыларды игеруге шақырамыз.

Әйгерім СЕЙТХАНОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ Есептеуіш техника
және бағдарламалық
қамтамасыз ету
кафедрасының
аға оқытушысы, магистр